

«Адамның үйлесімді дамуы
ұлттық институты» КеАҚ
Ғылыми-әдістемелік Кеңесі
2023 жылғы 15 тамыз
№ 4 хаттамасымен бекітілді

**Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту
жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

1-тaraу. Жалпы ережелер

- Осы Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселеі бойынша балабақшаның ата-аналармен қарым-қатынасын күшету, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.
- **Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:**
- балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**2-тaraу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды
педагикалық қолдауды ұйымдастыру тәртібі**

- Орта білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті ұйымдастыру Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен (бұдан әрі – Орталық) келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:
 - орта білім беру ұйымы басшының балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бүйріғын шығару;
 - Орталық қызметін ұйымдастыруды басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол:
 - балабақша – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, балабақша мен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
 - тәрбиешілердің, педагог-психологтердің, арнайы мамандардың және қосымша педагогтерінің балабақша – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін іске асыру және балабақша мен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

- Балабақша – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін жоспарлау кезінде осы әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымшада баяндаптап ата-аналарға арналған сабактардың ұсынылатын бағдарламасын (бұдан әрі – бағдарлама) басшылыққа алды, балабақша мен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- ұсынылатын бағдарламага сәйкес оқу жылына арналған сабак кестесін құрады.
- ата-аналарға арналған педагогикалық қолдауды «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен тәрбиешілер, педагог-психологтер, арнайы мамандар, қосымша білім педагогтері (Қазақтілі мұғалімі, дene шынықтыру нұсқаушысы, музика жетекшілері т.б) жүзеге асырады;
- ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, ұсынылатын бағдарламаның 30 % - на дейінгі көлемде сабактардың тақырыптарын өз бетінше айқындауға жол беріледі;
- ата-аналарға арналған сабактар бағдарламасына зорлық-зомбылықты, жыныстық бүрмалануларды, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды бұзатын өзге де құбылыстарды насиҳаттауға бағытталған Қазақстан Республикасының заннамасында тыйым салынған тақырыптарды енгізуге жол берілмейді.
- Орталық қызметтің іс жүзінде іске асыру үшін білім беру ұйымдарына мыналар ұсынылады:
 - сауалнама арқылы ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша олардың қажеттіліктерін зерделеу;
 - ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы хабардар ету, сабакқа қатысушылардың тізімін жасау;
 - ата-аналарды қолдауды жүзеге асыратын педагогтерді оқытуды ұйымдастыру;
 - ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс қа мониторинг жүргізу;
 - ата-аналардың педагогикалық қолдауга қанағаттану деңгейін анықтау бойынша жылына бір рет сауалнама жүргізу;
 - бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде өткізілетін іс-шараларды жария ету.
- 6) корытынды іс-шараларды ұйымдастыру.
 - Интернет-ресурс болған жағдайда орта білім беру ұйымдарына «ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бөлімін құру ұсынылады, онда:
 - ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы ақпарат;
 - сабак кестесі;
 - ата-аналарға көмектесетін әдістемелік материал;
 - «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» цифрлық платформасына сілтеме орналастырылады.

3-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдаудың мазмұны, сабактардың және әлеуметтік серіктестіктің түрлері

- Сабактардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны орта білім үйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл-ауқатты үлттық құндылықтарға негізделеді.
 - Педагогикалық қолдау балабақша тәрбиеленушісінің ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.
 - Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабактар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру 15 қыркүйекке дейін өткізіледі.
 - Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабакты қамтиды.
 - Сабактар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, онлайн және оффлайн режимде өткізуі мүмкін.
 - Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Данаłyқ мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрменкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.
 - Ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасы пайдалану ұсынылады, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологтың кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-паракттар, постерлер және басқалар қамтылады.

4-тарау. Орталықтың қызметін үйлестіру

- Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларына ұсынылады:
 - ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша қызметті үйлестіру;
 - орта білім беру үйымдарында Орталықтың қызметін үйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;
 - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім басқармаларының, оқу-әдістемелік орталықтар, орта білім беру үйымдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
 - ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметке мониторинг жүргізу;

- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат беру;
 - бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.
- Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне ұсынылады:**
- 1) орта білім беру ұйымдарына Орталықтың қызметін ұйымдастыруға ықпал ету;
 - 2) білім беру ұйымдарында Орталықтың қызметін ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;
 - 3) облыстық білім басқармаларына жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты ұсыну;
 - 4) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

Орта білім беру үйымдарындағы
балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі
ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдарға
I-қосымша

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Тақырыбы	Мазмұны
АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ		
• Отбасы - бақыт бесігі	Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты тұлға тәрбиелеу	<ol style="list-style-type: none"> Балалардың әл-аукаты оның бақытты өмірінің негізі Ата-ана балаға жауапкершілікпен қарауы Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынастың отбасы сыйластықтарды нығайту Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері
• Білімдіге дүние жарық.	Таным қуанышы: балаларды ойын арқылы жан жақты дамуына комектесеміз?	<ol style="list-style-type: none"> Баланың жеке басын дамытудағы балабақшадағы бейімделуінің маңызы Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін арнайы мамандардың түзету жұмыстарының көрсеткіштері. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлаудың және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту жолдары Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын арттырудадағы балабақша мен отбасы қарым-қатынасы.
• Әрбір бала – жарық жұлдызы	Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	<ol style="list-style-type: none"> Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу ерекше қажеттілігі бар балалардың, мінез-құлқына және үлкендермен, достарымен қарым-қатынас әрекеттерінің түзелуіне жағдай жасау. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен балабақша арасындағы өзара әрекеті.
• Баланы жастан...		<ol style="list-style-type: none"> Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы.

	Бала бойындағы тапқырлық пен шығармашылықты қалай дамытуға болады?	<p>2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен шығармашылықты дамытуға әсери.</p> <p>3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.</p> <p>4. Баланың тапқырлығы мен шығармашылық дамытуда отбасы мен балабакша арасындағы әрекеті.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Баланың көрү қабылетін түзету жолдары <p>Балалардың телефонға тәуелділігін қалай женуге болады?</p>	<p>1. Телефондағы ойындардың баланың психикасына әсери</p> <p>2. Баланың үйдегі күн тәртібіне көңіл бөлуді қадагалау</p> <p>3. Баланы спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, серуендеу, театр және т. б. қоршаған ортадағы мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Сенім арту - жетістік кепілі <p>Қыын жағдайда баланы қалай қолдау керек?</p>	<p>1. Бала өміріндегі қыындықтар</p> <p>2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қыын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.</p> <p>3. Қыын жағдайға қалған балаға түсіністікпен карау</p> <p>4. Қыын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары</p> <p>5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сұйену</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қызы өсер <p>Балаға ұлғі көрсету</p>	<p>1. Отбасында уақытты бірге өткізуудің пайдасы.</p> <p>2. Ата-ананың күнделікті өмірде ұлғі болатын маңызды касиеттері.</p> <p>3. Балаға жақсы әдептерді үйрету.</p> <p>4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қагидасты.</p> <p>5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Тәлімменен өрілген біздің дәстүр <p>Отбасында сал дәстүрді ұстану, тәрбиелік жолдары</p>	<p>1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі</p> <p>2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамагы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббilerдің отбасының бірлігіне ықпалы</p> <p>3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер</p> <p>4. Балабакша мен ата-аналардың отбасылық дәстүрлердің сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру</p> <p>5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабактастығы</p>